

№7 Атырау қалалық емханасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары

Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Іске асыруға жауаптылар	Орындау мерзімдері
Ұйымдағы нормативтік құқықтық актілердегі және рәсімдердегі сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша жұмысты ұйымдастыру	ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары, заңгер, бөлім меңгерушілері	Үнемі
Кәсіпорын қызметтерін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алынатын нормативтік және заңнамаға тәуелді салалық және өзге де актілерге зерделеу жүргізіп, Басқармаға нақты ұсыныс енгізу	ДСБ-на ұсыныс	Директор орынбасарлары, заңгер, бөлім меңгерушілері	Қажеттілігіне қарай
Мекеме қызметі, тұрғындардың медициналық қызметті алу кезіндегі құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі туралы құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізу (ашық есік күндері, кездесулер, танымдық материалдарын тарату, т.б.)	Әлеуметтік желілерде ақпарат	Директор орынбасарлары, бөлім меңгерушілері	Үнемі
Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарларын және оларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік сатып алудың веб-порталына уактылы орналастыруды қамтамасыз ету	Веб-порталға орналастырылған жоспар	Мемлекеттік сатып алу есепшісі	Жыл сайын 15 қаңтарға дейін және өзгеріс пен толықтыру енгізілген бойда
Азаматтардың денсаулығын жақсарту мақсатында алынатын дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сатып алу кезінде бюджеттік қаражатты және басқа да шығыстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету	ДСБ-на ақпарат	Есеп бөлімі, мемлекеттік сатып алу есепшісі	Тоқсан сайын
Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге бағытталған атқарылған шаралар туралы ақпараттық жиналыста талқылау	Жауапты қызметкерлер есебі, жиналыс хаттамасы	Директор орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, заңгер	Ішкі талдау жүргізуден соң
Уәкілетті орган өкілдерін шақырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші болып табылатын медициналық ұйым қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндірме жүргізу, медициналық қызмет көрсету бойынша жауапты мамандардың тоқсандық есептерін тыңдау	Кездесу, проблемалық мәселелер бойынша сұрақ-жауаптар	Директор орынбасарлары, дәрімен қамтамасыз етуге жауапты маман, стат бөлімі	Ақпан 2025
Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бұқаралық ақпарат құралдары, пресс-конференция, телерадио желілері арқылы ақпараттық түсіндірме беру, халықты ақпараттандыру жұмыстарын жандандыру (көрнекі жерлерге стенд іліп, толық ақпараттандыру)	Саяси қоғамдық газеттерде жарияланған мақалалар көшірмесі, телерадио желілеріндегі тікелей эфирдегі сұхбат, онлайн-конференция, мекеменің көрнекі жерлеріне орналастырылған стенд, әлеуметтік желілер арқылы жүргізілген ақпараттық-танымдық жұмыстардың скриншотын, т.б.жалғай отырып, ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары, дәрімен қамтамасыз етуге жауапты маман, стат бөлімі	Тоқсан сайын
Мекемеге жаңадана қабылданған қызметшілердің міндеттемелер мен шектеулер туралы ақпараттандырылуын, лауазымға тағайындалатын	Уәкілетті органдардан анықтама	Кадр бөлімі	Қазақстан республикасының

Ж.Деген

маман туралы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаментіне және ҚР Бас прокуратурасының құқытық статистика және арнайы есепке алу басқармасы арқылы алынған анықтамасының болуы қамтамасыз ету			Еңбек Кодексі
Мекеме қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол ашатын жеке және заңды тұлғалардың өтініштері анықталған жағдайда немесе жасаған теріс қылығы туралы мойындамаса қызметтік тексеру жүргізіп, қорытындысы туралы уәкілетті органдарға хабарлау	Анықталған заң бұзушылық болса Уәкілетті органға хабарлау	Кадр бөлімі	Орын алған жағдайлар бойынша
Ресми интернет ресурстағы мекеменің негізгі қызметі мен құрылымдық бөлімшелерінің өкілеттіктері туралы, медициналық қызмет көрсететін мамандардың деректері, азаматтар мен заңды тұлғалар тарапынан өтініштер білдіру тарауын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге бағытталған іс шаралар мен орындалысы туралы, т.б. негізгі ақпараттарды жаңартуды қамтамасыз ету	ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары, бөлім меңгерушілері	Үнемі
Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді заңнамада көзделген тәртіпте тіркеуді, белгіленген мерзімде қарап, жауабын жолдауды, уақтылы ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасына салыстыру актісін жолдауды қамтамасыз ету	Салыстыру актісі	Өтініштердің есебін жүргізуге жауапты маман	Жыл бойы
Мекемеде ілінген арыз-шағымдарға арналған жәшік арқылы келіп түскен өтініштерді уақтылы қарап, тіркелуіне бақылау жасау, өтініштердің қаралу мерзімі мен тәртібі туралы көрнекі жерлерге ақпарат ілу	Жәшіктегі өтініштерді алу кестесі, өтініштің қаралу мерзімі мен тәртібі туралы мәлімет	Директор орынбасарлары, өтініштердің есебін жүргізуге жауапты маман	Жыл бойы
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тудыруы мүмкін фактілермен жолыққанда немесе медициналық қызметкерлердің әрекетіне не әрекетсіздігіне қатысты шағым туындаған ретте бірінші басшыға ол болмаған ретте оны алмастырушы тұлғаға жолығу мүмкіндігін жасау, бірінші басшының байланысу деректерін толық көрсете отырып, көрнекі жерлерге мәлімет орналастыру, деректер ауысқан ретте көрнекі жерлерге ілінген деректерді жаңартып отыру	Ілінген хабарландырулардың фотоесепін жолдау	Өтініштердің есебін жүргізуге жауапты маман	Үнемі
Тиісті медициналық ұйымның қызметіне, оның қызметкерлерінің іс-әрекетіне қатысты туындаған сұрақтарға жауап беру, бірінші басшы немесе оның орынбасары халық көп қолданатын әлеуметтік желілерге тікелей эфирге шығып, түскен өтініштердің мазмұны мен бағытына талдау жасап, тиісті шаралар қабылдау	Жүргізілген тікелей эфир саны, талдау қорытындысы мен алдын алу шаралар туралы ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары	Жарты жылдықта
Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық көмектер тізілімі туралы облыс көлеміндегі барша тұрғындардың назарына жеткізу, БАҚ, ресми интернет ресурстарға нақты мәлімет орналастыру, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарын, ардагерлер кеңестерін, үкіметтік емес ұйымдарды және уәкілетті орган өкілдерін қатыстыра отырып, тұрғындармен кездесу, жиналыстар, дөңгелек үстелдер, флешмобтар өткізу	БАҚ-на мақала жариялау, телерадио кешендері арқылы хабарлама, жиналыс хаттамалары, фото және видеоесепті жалғай отырып, ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, стат бөлімі	Тоқсан сайын
Мекеме қызметіне бақылау жасап, мониторинг жүргізу арқылы	Директордың бұйрығы	Директор орынбасарлары, бөлім	Ай сайын, уәкілетті

Жолд

немесе уәкілетті органдардан келіп түскен актілер мен өзге де құжаттар негізінде саралау жүргізіп, өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігін шешу туралы мекеме басшысына тиісті құжаттар топтамасын жалғай отырып, нақты ұсыныс енгізу		менгерушілері	органдардан актілер мен өзге де нақты құжаттар келіп түскен кезде дереу
ҚР еңбек, мемлекеттік сатып алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, бухгалтерлік есеп жүргізу, т.б. маңызды бағыттар бойынша жауапты мамандардың үнемі біліктілігін арттыруға бағытталған шаралар қабылдау (оқыту кестесін, оқу жоспарын жасақтау, т.б.)	ДСБ-на ақпарат	Кадр бөлімі	Тоқсан сайын
Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында еңбек қатынастарынан туындаған жеке немесе ұжымдық еңбек дауларын сотқа дейін кәсіпорында құрылған (құрылуы тиіс) келісу комиссияларында қарауды тәжірибеге түбегейлі енгізу, елісу комиссиясы мүшелерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	ДСБ-на ақпарат	Кадр бөлімі	Тоқсан сайын
Қызметкерлер арасында этика және деонтологияны сақтау, пациенттер мен емханаға келушілермен қарым-қатынас орнату туралы семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, медициналық қызметкер тарапынан этика және деонтологияның сақталмауына қатысты жазылған жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті қарап, алынған және өткізілген шаралар туралы ақпаратты халыққа қолжетімді болу үшін интернет –ресурста, Кәсіпорынның әлеуметтік желісіне немесе жергілікті БАҚ-нда жариялауды тәжірибеге ендіру	Фотоесеп пен хаттамаларын жалғай отырып, ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары, бөлім менгерушілері, кадр бөлімі	Әр айдың 30-на
Медициналық қызметкерлерге өз міндеттерін атқару кезінде басшылыққа алулары тиіс денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық актілер мен заңға тәуелді салалық және өзге де актілердің нормалары туралы, сонымен қатар өз қызметтерін жүзеге асыру барысында бұл нормаларды және талаптарды бұзғаны үшін қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген жауапкершіліктер туралы кеңінен құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізу	ДСБ-на ақпарат	Директор орынбасарлары, заңгер, бөлім менгерушілері	Тоқсан сайын
Кәсіпорында байқау кеңесі енгізілуі себепті мекеменің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізілуін қамтамасыз ету	Аудит қорытындысы	Директор орынбасарлары, бас есепші	Жыл сайын
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	Талдамалық анықтама жалғанған ДСБ-на ақпарат	Ішкі талдау жүргізу үшін құрылған жұмыс тобы	2025 жылдың 2 тоқсаны